

# ЕУАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ СОТЫ

## КОНСУЛЬТАТИВТІК ҚОРЫТЫНДЫ

2022 жылғы 22 қараша

Минск қаласы

Еуразиялық экономикалық одақ Сотының мынадай құрамдағы Үлкен алқасы:

төрағалық етуші, Сот Төрағасы Айриян Э.В.,

баяндамашы судья Федорцов А.А.,

судьялар А.М. Ажибраимова, Ж.Н. Баишев, Д.Г. Колос, Т.Н. Нешатаева, В.Х. Сейтимова, Г.А. Скрипкина, А.Э. Туманян, К.Л. Чайка,

сот отырысының хатшысы М.А. Наумчиктің қатысуымен,

іс материалдарын зерттеп, баяндамашы судьяны тыңдап,

Еуразиялық экономикалық одақ Соты Статутының 46, 47, 50, 68, 69, 73 – 75, 96, 98-тармақтарын, Еуразиялық экономикалық одақ Соты Регламентінің 72, 75 және 85-баптарын басшылыққа ала отырып,

Сатып алуды реттеу тәртібі туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 25 қосымша) 18-тармағының ережелеріне түсініктеме беру туралы өтініші бойынша мынадай консультативтік қорытынды береді.

### **I. Өтініш берушінің сұрағы**

Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия, өтініш беруші) Еуразиялық экономикалық одақтың сотына (бұдан әрі – сот) Сатып алуды реттеу тәртібі туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 25 қосымша) (бұдан әрі тиісінше – Хаттама, Шарт) 18-тармағының ережелеріне түсініктеме беру туралы өтінішпен жүгінді.

Өтініште Комиссия Еуразиялық экономикалық одаққа (бұдан әрі – Одақ, ЕАЭО) мүше мемлекеттерде заңнаманы және сатып алуды жүзеге асыру практикасын талдау барысында міндеттемелерді қамтамасыз ету тәсілдерін (түрлерін) белгілеу мәселесі бойынша мүше мемлекеттердің әртүрлі тәсілдері анықталғанын көрсетеді. Мүше мемлекеттерде Хаттаманың 18-тармағының алтыншы және жетінші абзацтарында белгіленген қамтамасыз ету тәсілдерін (түрлерін) ұлттық заңнамада міндетті түрде бекітуге қатысты бірыңғай пікір жоқ.

Комиссия соттан Хаттаманың 18-тармағының төртінші – жетінші абзацтары ережелерінің мазмұны бойынша, атап айтқанда Одаққа мүше мемлекеттердің сатып алу туралы өз заңнамасында сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз ету және Хаттаманың 18-тармағының алтыншы және жетінші абзацтарында көзделген сатып алу туралы шарттың (келісімшарттың) орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерін (түрлерін) бекіту міндетінің болуына

қатысты консультациялық қорытынды беруді сұрайды.

## **II. Соттағы рәсім**

Соттың Үлкен алқасының 2022 жылғы 8 қыркүйектегі қаулысымен Комиссияның өтініші іс жүргізуге қабылданды.

Істі соттың қарауына дайындау шеңберінде мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдарының, білім беру және ғылыми ұйымдарының қойылған мәселелері бойынша қосымша ақпарат пен пікірлер, Одақ құқығының тиісті даулы ұстанымдарын дайындау материалдары сұратылды.

Қойылған мәселелер бойынша пікірлер мен ақпараттарды Армения Республикасының, Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының Әділет министрліктері, Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институтының, Ресей Федерациясының Үкіметі жанындағы Заңнама және салыстырмалы құқықтану институтының, А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік орыс тілі институтының мамандары айтты (ұсынды).

## **III. Сот қорытындылары**

Еуразиялық экономикалық одақ Соты Статутының (Шартқа № 2 қосымша) 50-тармағын басшылыққа ала отырып, Соттың Үлкен алқасы сот төрелігін жүзеге асыру кезінде, оның ішінде Шарттың ережелерін түсіндіру кезінде жалпыға бірдей танылған халықаралық құқықтың қағидаттары мен нормаларын, Шартты, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарды, Одақ органдарының шешімдері мен өкімдерін, халықаралық әдет-ғұрыпты құқықтық норма ретінде танылған жалпыға бірдей практиканың дәлелі ретінде қолданады.

1969 жылғы 23 мамырдағы Халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенциясының 31-бабына сәйкес халықаралық шарт шарт терминдеріне олардың контекстінде, сондай-ақ шарттың объектісі мен мақсаттары тұрғысынан берілуі тиіс әдеттегі мағынасына сәйкес әділдікпен түсіндірілуі тиіс.

1. Хаттаманың 18-тармағына сәйкес мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің және сатып алу туралы шарттың (келісімшарттың) орындалуын қамтамасыз етудің кемінде 2 тәсілі (түрі) белгіленуге тиіс (Хаттаманың 18-тармағының төртінші абзацы).

Бұл ретте сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз ету және сатып алу туралы шарттың (келісімшарттың) орындалуын қамтамасыз ету ретінде оның ішінде (Хаттаманың 18-тармағының бесінші абзацы) мыналар қабылданады:

Тапсырыс берушінің банктік шотына не егер ол мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында, сатып алуды ұйымдастырушыда, электрондық сауда алаңының (электрондық алаңның) операторында белгіленген жағдайда енгізілетін ақшалай кепілдік жарнасы (Хаттаманың 18-тармағының алтыншы абзацы);

банк кепілдігі (Хаттаманың 18-тармағының жетінші абзацы).

2. Соттың Үлкен алқасы халықаралық шарттың терминологиясына қатысты бөліктегі заң техникасының ережелері, Шартта міндетті мінез-құлық

ережелерін тұжырымдау практикасы Хаттаманың 18-тармағының бесінші абзацында предикат функциясында қолданылған «қабылданады» деген етістік мінез-құлықтың міндеттілігін және дискрецияның, қалаудың болмауын көздейтін қабылдаудың құқықтық нұсқамасын білдіреді деп есептеуге мүмкіндік береді.

«Қабылданады» терминімен бірге қолданылған «оның ішінде» деген сөз тіркесінің мынадай мағынасы бар:

а) «басқалардың арасында, басқалардың қатарында»;

б) «басқалармен қатар қоса алғанда».

«Оның ішінде» конструкциясын пайдалану мәтінде көрсетілмеген басқалардың қатарында бар затты (құбылысты, әрекетті және т. б.) білдіреді.

«Қабылданады» етістігі «соның ішінде» конструкциясымен байланысты «ақшалай кепілдік жарнасы», «банк кепілдігі» деген біртекті ұғымдарды білдіреді.

Хаттаманың 18-тармағының бесінші – жетінші абзацтарының мәтінін талдау Соттың Үлкен алқасына сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз ету және сатып алу туралы шарттың (келісімшарттың) орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерінің (түрлерінің) ішінде алтыншы және жетінші абзацтарында санамаланған қамтамасыз етудің екеуі тәсілі де қабылдануы тиіс деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Хаттаманың 18-тармағының бесінші- жетінші абзацтары ережелерінің мағынасын өзге де түсіндіру (түсіну) осы абзацтарда жазылған ережелерді мағыналық жүктемеден және пайдалы әрекеттен айырады.

3. Хаттаманың 18-тармағы төртінші абзацының ережелеріне сәйкес мүше мемлекеттердің заңнамасында сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің және сатып алу туралы шарттың (келісімшарттың) орындалуын қамтамасыз етудің кемінде 2 тәсілі (түрі) белгіленуге тиіс.

Хаттаманың 18-тармағының төртінші абзацының ережелері мүше мемлекеттің өз заңнамасында қамтамасыз етудің көптеген тәсілдерін (түрлерін) белгілеу мүмкіндігін көздейді.

Хаттаманың 18-тармағының төртінші абзацында көзделген сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің және сатып алу туралы шарттың (келісімшарттың) орындалуын қамтамасыз етудің кемінде 2 тәсілін (түрін) белгілеу туралы ереже Шарттың императивті талабы болып табылады. Осы абзацта қолданылатын: «белгіленуі тиіс...» заңды конструкция мүше мемлекеттердің қамтамасыз етудің кемінде 2 тәсілін (түрін) белгілеу міндетінің болуын білдіреді.

Осылайша, Хаттаманың 18-тармағының төртінші абзацы мүше мемлекеттерден сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің және сатып алу туралы шарттың (келісімшарттың) орындалуын қамтамасыз етудің кемінде 2 тәсілін (түрін) белгілеуді талап етеді, сонымен бір мезгілде осы тармақтың бесінші – жетінші абзацтары қамтамасыз ету тәсілдерінің қатарында оларда көрсетілген қамтамасыз етудің 2 тәсілін көздеуді және қабылдауды міндеттейді:

тапсырыс берушінің банктік шотына не егер бұл мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында, сатып алуды ұйымдастырушыда, электрондық сауда алаңының (электрондық алаңның) операторында белгіленген жағдайда банктік шотына енгізілетін ақшалай кепілдік жарнасы;

банк кепілдігі.

Төртінші абзацтың ережелері мен Хаттаманың 18-тармағының бесінші – жетінші абзацтары ережелерінің мағыналық өзара байланысы мәтінде осы тармақтың бесінші абзацының басында «бұл ретте» деген үстеу арқылы көрсетіледі. Бұл сөздер «сонымен бірге» мағынасына ие.

Соттың Үлкен алқасы Хаттаманың 18-тармағының бесінші абзацында көзделген әлеуетті өнім берушіден (өнім берушіден) сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз ету және сатып алу туралы шарттың (келісімшарттың) орындалуын қамтамасыз ету ретінде қамтамасыз етудің алтыншы және жетінші абзацтарында санамаланған тәсілдерінің екеуін де қабылдау міндеті Хаттаманың 18-тармағының төртінші абзацында көрсетілген, қамтамасыз етудің кемінде 2 тәсілін (түрлерін) заңнамалық тұрғыдан белгілеумен қатар жүреді деп пайымдайды.

4. Хаттаманың 18-тармағының алтыншы – жетінші абзацтарында көзделген сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз ету және сатып алу туралы шарттың (келісімшарттың) орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерін (түрлерін) мүше мемлекеттердің заңнамасында белгілеудің міндеттілігі туралы Соттың Үлкен алқасының ұстанымы Шарттың интеграциялық сипатымен және Одақтың негізгі мақсаттарымен үйлеседі.

Хаттаманың 18-тармағы шеңберінде мүше мемлекеттердің баяндалған міндеттемелерді сақтауы Одақтың негізгі мақсаттарына қол жеткізу, мемлекеттік (муниципалдық) сатып алу саласындағы реттеудің белгіленген негіздерін сақтау, Шартта көзделген құқықтар мен міндеттерді өзара қамтамасыз ету үшін қажет.

Шарттың 1-бабының 1-тармағына сәйкес ЕАЭО шеңберінде тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капитал мен жұмыс күшінің еркін қозғалысы қамтамасыз етіледі. Шарттың 4-бабына сәйкес Одақтың негізгі мақсаттары мыналар болып табылады:

мүше мемлекеттердің экономикаларының халықтың өмір сүру деңгейін арттыру мүддесінде олардың тұрақты дамуы үшін жағдайлар жасау;

Одақ шеңберінде тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капиталдың және еңбек ресурстарының бірыңғай нарығын қалыптастыруға ұмтылу;

жаһандық экономика жағдайында ұлттық экономикаларды жан-жақты жаңғырту, кооперациялау және бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Шарттың 4-бабында белгіленген ЕАЭО шеңберінде тауарлардың, көрсетілетін қызметтер мен капиталдың бірыңғай нарығын қалыптастыру мақсаттарын іске асыруға, сондай-ақ кооперацияны дамытуға және ұлттық экономикалардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға Шарттың 88-бабында бекітілген мемлекеттік (муниципалдық) сатып алуды реттеу саласындағы мақсаттар мен қағидаттар ықпал етеді.

Соттың Үлкен алқасы ЕАЭО-ның төрт бостандығын қамтамасыз ету, Одақтың негізгі мақсаттарына және осы саладағы реттеу мақсаттарына қол жеткізу үшін мүше мемлекеттердің аумақтарынан шығарылатын тауарларға, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге олардың әлеуетті өнім берушілерінің, барлық мүше мемлекеттердің өнім берушілерінің әрбір мүше мемлекетте мемлекеттік (муниципалдық) сатып алуға өзара қол жеткізуінің ерекше маңызын атап көрсетеді.

Мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамасында Хаттаманың 18-тармағының алтыншы және жетінші абзацтарында белгіленген қамтамасыз ету тәсілдерін (түрлерін) бекіту міндеттілігін жоққа шығару мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің ЕАЭО шеңберінде барлық қатысушылар үшін міндетті алдын ала белгілі және тең шарттардың болуын негізге ала отырып, мемлекеттік (муниципалдық) сатып алу рәсімдеріне қатысуға негізді үміттерін бұзады.

5. Шарттың 88-бабының 1-тармағы мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасымен және мүше мемлекеттердің халықаралық шарттарымен мемлекеттік (муниципалдық) сатып алу саласындағы қатынастарды реттеуді көздейді.

Соттың Үлкен алқасы Одақ өз қызметін мемлекеттердің қабылданған міндеттемелерді адал орындауы қағидаты жататын халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары (Шарттың 3-бабы) негізінде жүзеге асыратынын атап көрсетеді.

Шарттың 3-бабының жетінші абзацына сәйкес мүше мемлекеттер Одақтың өз функцияларын орындауы үшін қолайлы жағдайлар жасайды және Одақтың мақсаттарына, оның ішінде мемлекеттік (муниципалдық) сатып алу саласында қол жеткізуге қауіп төндіретін шаралардан қалыс қалады.

Шарттың 88-бабының 3-тармағына сәйкес мүше мемлекеттерде сатып алу Хаттамаға сәйкес жүзеге асырылады.

Хаттаманың 3-тармағының ережелері Хаттаманы қолдану кезінде, егер мүше мемлекет заңнамасының ережелерінен Хаттамада белгіленгеннен өзгеше мағына туындамаса, мүше мемлекеттің заңнамасын Хаттамаға сәйкес келтіру талап етілмейтінін көздейді.

Демек, мүше мемлекеттің заңнамасы Хаттаманың 18-тармағының алтыншы және жетінші абзацтарында көрсетілген тәсілдерді сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз ету және сатып алу туралы шарттың (келісімшарттың) орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерінің (түрлерінің) қатарында белгілемеген жағдайда, мүше мемлекеттің заңнамасын Одақ құқығына сәйкес келтіру қажет.

6. Жоғарыда айтылғандардың негізінде Соттың Үлкен алқасы мынадай қорытындыға келді:

Хаттаманың 18-тармағының төртінші – жетінші абзацтарының ережелері Одаққа мүше мемлекеттердің сатып алу туралы өз заңнамасында сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз ету және сатып алу туралы шарттың (келісімшарттың) орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерінің (түрлерінің)

қатарында Хаттаманың 18-тармағының алтыншы және жетінші абзацтарында көрсетілген әдістерді (түрлерді) бекіту міндетін көздейді:

тапсырыс берушінің банктік шотына не егер бұл мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында белгіленген жағдайда, сатып алуды ұйымдастырушының, электрондық сауда алаңы (электрондық алаң) операторының банктік шотына енгізілетін ақшалай кепілдік жарнасы; банк кепілдігі.

#### **IV. Қорытынды ережелер**

Осы консультативтік қорытындының көшірмесі өтініш берушіге жіберілсін.

Консультативтік қорытынды Соттың ресми интернет-ресурсында орналастырылсын.

Төрағалық етуші  
Судьялар

Э.В. Айриян  
А.М. Ажибраимова  
Ж.Н. Баишев  
Д.Г. Колос  
Т.Н. Нешатаева  
В.Х. Сейтимова  
Г.А. Скрипкина  
А.Э. Туманян  
А.А. Федорцов  
К.Л. Чайка